«FARABILAND» жобасы Республикалық маңызы бар Астана қаласы бойынша олимпиадалар мен ғылыми жобалар конкурстарының (ғылыми жарыстардың), орындаушылар конкурстарының, кәсіби шеберлік конкурстарының және спорттық жарыстардың тізбесіне кірген. Астана қаласы білім басқармасының бекіту туралы бұйрығы 08.12.2023 ж. Б № 2554

ҚОСЫМША БІЛІМ БЕРУ ТӘРБИЕЛЕНУШІЛЕРІНІҢ АРАСЫНДА ӨТЕТІН РЕСПУБЛИКАЛЫҚ «FARABILAND» ЖОБАСЫ ЖЫЛ САЙЫН ҮШ БАҒЫТТА ҰЙЫМДАСТЫРЫЛЫП ОТЫРАДЫ: ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ , ҒЫЛЫМИ-ТЕХНИКАЛЫҚ ЖӘНЕ СПОРТТЫҚ БАҒЫТТА. ӘР ЖЫЛДАРЫ НОМИНАЦИЯЛАРДЫҢ ӨЗГЕРТІЛІП ОТЫРУ МҮМКІНДІГІ БАР.

I. «FARABILAND-2024» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ЖОБАСЫНЫҢ ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕРІ

1. Шығармашылық бағыт: вокал, аспаптық музыка, хореография
2. Ғылыми-техникалық бағыт: лингвистика-қазақ тілі, ағылшын тілінен әдеби-шығармашылық байқау
3. Спорттық бағыт: суда жүзу жарыстары

- **«FARABILAND-2024» жобасы** қосымша білім беру тәрбиеленушілерінің арасында өтетін республикалық байқаудың ережелері мен оның мақсатын, міндеттерін, қатысушылардың жас санаттарын және өткізу тәртібін анықтайды.
- Мақсаты: дарынды балаларды анықтау, олардың шығармашылық әлеуетін дамытуға жағдай жасау, қатысушылар арасында өзара байланыс құруларына ықпал ету, өскелең ұрпаққа кәсіби қолдау көрсету.
- Міндеттері:

1) дарынды балалар мен жасөспірімдердің шығармашылық қызметін қолдау және дамыту;
2) шығармашылық ұжымдар арасында тығыз байланыс орнату;
3) дарынды балалар мен жасөспірімдердің шығармашылығын дәріптеу;
4) педагогтерді кәсіби жетілдіру.

4. Байқауды ұйымдастырушылар ұйымдастыру комитеті мен қазылар алқасының құрамын құрады, байқауды өткізеді және қорытындылайды.

II. Байқауды өткізу мерзімі мен тәртібі

5. **«FARABILAND-2024»** қосымша білім беру тәрбиеленушілерінің арасында өтеді.
   Өткізілу уақыты:
   27 наурыз 2024 ж. – байқау өткізілетін күн
   28 наурыз 2024 ж. сағат 10.00-де марапаттау. (**Өтініш!** Республиканың басқа өңірлерінен келетін қатысушылардың кету билеттерінің уақыты марапатталғаннан кейін болғаны тиіс).
   Өткізілетін орны: Астана қаласы, Б.Момышұлы 5, әл-Фараби атындағы оқушылар сарайы.
6. Байқауға қатысу үшін өтініш әр номинация бойынша арнайы поштаға **2024 жылдың 10 наурызына** дейін (қоса алғанда) қабылданады. (номинациялар бойынша көрсетілген пошталар)
7. **2024 жылдың 10 наурызынан** кейін түскен, сондай-ақ қойылатын талаптарға сәйкес келмейтін байқау жұмыстары қарастырылмайды.
8. Байқау 5 номинация бойынша өткізіледі.
   - Вокал
   - Аспаптық өнер
   - Хореография
   - Спорт
   - Лингвистика

III. Байқаудың талаптары

9. Байқауға қосымша білім беру ұйымдарының 7 – 17 жастағы (18 жасқа дейін) тәрбиеленушілер жас санаттары бойынша қатысады.
10. Байқауға **«FARABILAND-2023»** байқауына қатысып, жеңімпаз атанған балалар қатыса алмайды.
11. Өнер көрсету уақытын, концерттік алаңдарды, байқаудың бағдарламасын байқаудың Ұйымдастырушы комитеті бекітеді және жекелеген қатысушылар үшін қайта қарастырылмайды.
12. Байқау қатысушыларына дайындық уақыты берілмейді. Барлық шығармалар жатқа көпшілік алдында орындалады.
13.Қатысушылардың сахна артына кіруі қойылымға дейін 2 нөмір бұрын жүргізіледі.
14. Әр қосымша білім беру мекемесі әр номинация бойынша 1 өтініштен бере алады.

IV. Байқау қазылар алқасы

15. Номинация бойынша байқаудың қазылар алқасының құрамына шығармашылық бағыттағы мамандар, арнайы оқу мекемесінің оқытушылары, Астана қаласы балалар және жасөспірімдер ұжымының жетекшілері кіреді.

16. Қазылар алқасының төрайымы әр байқау бойынша жеке барлық қазылар алқасы мүшелерінің келісімімен таңдалады.

17. Қазылар алқасы байқау қойылымының баға жүйесін анықтайды, сонымен қатар, байқау бағдарламасының сақталмағандығын, ұжым қатысушыларының және жетекшінің қоршаған ортаға деген көрсеткен теріс қылықтары болса, айыппұл балдарды санап, байқауға қатыстырмауға шешім шығаруға құқылы.

18. Барлық даулы мәселелерді қазылар алқасы ұйымдастыру комитетімен бірге шешеді.

«ХОРЕОГРАФИЯ»

Қойылатын талаптар: Орындаушының техникалық шеберлік деңгейі: техникалық амалдардың күрделілігі және шынайлылығы.

1.Орындаушының дайындығы, оның жас ерекшелігіне қарай композицияның тақырыбын таңдау.

2. Нөмірдің композициялық құрамының деңгейі: элементтердің күрделілігі, сахна кеңістігін жалпы қамту, жалпы би қимылдарының қозғалыс ретін сақтау.

3.Көркемдік образды нақты жеткізу: әртістігі, костюм, және реквизит таңдауы, шығарма/ композиция тақырыбының сахналық мәнерге сай келуі.

4.Композиция ұзақтығы 4 минуттан аспауы тиіс.

ЖАС ЕРЕКШЕЛІГІ:

I . 7-9 жас
II. 10-12 жас
III. 13-15 жас
IV. 16 – 18 жас

НОМИНАЦИЯЛАР:

-Эстрадалық би.
-Қазіргі заманауи би.
-Халық биі.
-Классикалық би

Өтініштер және қатысушылардың жеке басын растайтын құжаттың көшірмесі (туу туралы кәулік немесе жеке бас куәлік), фонограммалар 10.03.2024ж. дейін farabi_dance@mail.ru электрондық мекен-жайға қабылданады.

«АСПАПТЫҚ ӨНЕР»

Қойылатын талаптар:

1. Қатысушының жалпы дайындық деңгейі: аспапта отырысы және қолдың қойылу әдістері, шығарма дыбысының тазалығы, репертуар таңдаудағы шығарманың күрделілігі.
2. Орындаушылық техникалық шеберлігінің сапасы: ырғағы, шығарманы ойнау мәнері, штрихтары, дыбыс көркемдігі және т.б.
3. Жас ерекшелігі мен мүмкіншілігіне қарай орындаушының репертуар таңдауы.
4. Репертуардың күрделілігі және оны орындау шеберлігі.
5. Өзіндік әртістік, орындаушылық ерекшелігі.
6. Көркемдік дәрежесі: әртістік қабілеті, орындалатын шығарманың мазмұнын ашу және сахна киім үлгісінің бағдарламаға сай келуі.
7. Барлық орындалатын шығармалар жеке аспапта жатқа орындалуы шарт (қобыз, қыл-қобыз, домбыра, шертер, саз сырнай, жетіген, фортепиано, скрипка, флейта және т.с.с.), ансамбль және оркестр ұжымдарында орындаушылардың жас ерекшеліктеріне шектеу қойылмайды.
8. Байқау қорытындысын шығару кезінде бастапқы кәсіби білім беру, оқу және Оқушылар сарайлары бөлек қарастырылады.
9. Орындалатын шығарманың ұзақтылығы 3 минуттан аспауы тиіс.
10. Жас ерекшелігіне байланысты санаттардан санатқа өтуге рұқсат етілмейді.
11. Бір педагог оқушыларын тек бір номинацияға қатыстыра алады.

ЖАС ЕРЕКШЕЛІГІ (жеке орындаушылар үшін):

I . 7-10 жас
II . 11-14 жас
III . 15-17 жас

НОМИНАЦИЯЛАР :

а) Жеке орындаушылар санаты:

- Классикалық аспаптар;
- Халық аспаптары;

б) Кіші ансамбль (дуэт, трио, квартет, квинтет) және үлкен ансамбль, оркестр ұжымдар санаты:

- Оркестрі, халық аспаптар ансамблі,;
- Классикалық ансамбль.

Өтініштер және қатысушылардың жеке басын растайтын құжаттың көшірмесі (туу туралы кәулік немесе жеке бас куәлік) 10.03. 2024ж. дейін farabi.aspap@mail.ru электрондық мекен-жайға қабылданады.

«ВОКАЛ»

Қойылатын талаптар:

1. Байқау қатысушыларының вокалдық дайындығы: интонация тазалығы, диапазон ауқымы, вокалдық қабілеті, ән айтудағы дұрыс қойылған позициясы.
2. Тембр бояуы.
3. Репертуар таңдаудағы сауаттылығы мен, репертуар күрделілігі, жасына сәйкестігі мен орындаушылық мүмкіншілігі.
4. Сахналық мәдениеті, әртістігі, сахна киімінің үйлесімділігі.
5. Ансамбльдер мен ұжымдар үшін ырғақтығы, ансамбльдің образдық бейнесінің әсемдігі мен интонациясы.
6. Әрбір байқау қатысушысы ұзақтығы 3 минуттан аспайтын бір ғана шығарманың бағдарламасын ұсына алады.

ЖАС ЕРЕКШЕЛІГІ:

I . 7-10 жас
II . 11-14 жас
III . 15-17 жас

НОМИНАЦИЯЛАР :

а) Жеке орындаушылар санаты:

- Дәстүрлі ән. Ұлттық аспаптың сүйемелдеуімен халық әні, халық композиторының әні (қатысушы таңдауы бойынша бір шығарма орындайды.)
- Эстрадалық вокал

б) Ансамбль немесе дуэт, трио, квартет санаты:

- Дәстүрлі ән. Ұлттық аспаптың сүйемелдеуімен халық әні, халық композиторының әні (қатысушы таңдау бойынша бір шығарма орындайды.)
- Эстрадалық вокал

Өтініштер және қатысушылардың жеке басын растайтын құжаттың көшірмесі (туу туралы кәулік немесе жеке бас куәлік), фонограммалар farabi.vokal@mail.ru электрондық мекен-жайға қабылданады.

«ЛИНГВИСТИКА»
ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН АҒЫЛШЫН ТІЛДЕРІ БОЙЫНША ӘДЕБИ-ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ БАЙҚАУ

1. Әдеби-шығармашылық байқау 2 кезеңде өтеді:

- READx жобасы бойынша «Мен оқыған бір кітап»
- «Абайды оқы, ерінбе!» мәнерлеп оқу (А.Құнанбаевтың шығармаларының бірін жатқа мәнерлеп оқу)

2. Екі кезеңге де бір қатысушы қатысады.
3. Қатысушы екі кезеңде де оқып жатқан тілі бойынша бір тілде айтып шығуы тиіс (мысалы: бірыңғай ағылшын тілі, бірыңғай қазақ тілі)

Қойылатын талаптар: (қазақ және ағылшын тілі бойынша)
1. «Мен оқыған бір кітап» READx жобасы бойынша:
- Қітаптың қысқаша мазмұны;
- Кітаптың қоғамға берер идеясы;
- Шығармадан түйген ойы;
- Сөйлеу уақыты 3 минут.

Бағалау критерийлері:
* Тілді меңгеру деңгейі: сөйлеудің үздіксіздігі, сөйлемдердің логикалық реттілігі, талқылау, баяндау, дәлелдеу кезеңдерінің нақтылығы.
* Лексикалық ресурстар: қолданатын сөздердің әртүрлілігі, орындылығы, жеткіліктілігі, сөздік қор.
* Грамматикалық ауқым мен дәлдік: айтылған сөйлемдердің күрделілігі, сөйлем құрылымдарының ауқымы, грамматикалық қателер.
* Айтылуы: интонация мен екпіннің қолданылуы, сөйлеу мәнері

Ағылшын тілі бойынша қатысушыларға оқуға ұсынылатын кітаптар: (Ұсынылған кітаптардың біреуін оқып, қорғайды.)
1. The jungle book
2. Pinocchio
3. Sherlock Holmes
4. The adventures of Tom Sawyer
5. Marry Poppins
6. Cinderella
7. Peter Pan
8. Harry Potter
9. Treasure Island
10. Robin Hood

Қазақ тілі пәні бойынша қатысушыларға оқуға ұсынылатын кітаптар: (Ұсынылған кітаптардың біреуін оқып, қорғайды.)
1. Б.Момышұлы «Ұшқан ұя»
2. Б.Майлин «Шұғаның белгісі»
3. С.Мұратбеков «Жусан иісі»
4. М.Әуезов «Көксерек»
5. Б.Соқпақбаев «Менің атым Қожа»
6. Р.Мұқанова «Мәңгілік бала бейне»
7. Б.Соқпақбаев «Балалық шаққа саяхат»
8. Ш.Айтматов «Ақ кеме»
9. А.Елгезек «Болмаған балалық шақ»
10. С.Жүнісов «Аманай мен Заманай»

2. «Абайды оқы, ерінбе!» мәнерлеп оқу сайысының талаптары:
- Мәнерлеп оқу шеберлігі
- Тіл тазалығы, анықтылығы
- Оқитын шығарманың уақыты 2 минуттан аспауы тиіс.

ЖАС ЕРЕКШЕЛІГІ: (ағылшын тілі)
I. 9-12 жас (ағылшын тіліне қатысты A1-деңгейі)
II. 13-15 жас (ағылшын тіліне қатысты A2-деңгейі)
III. 16-17 жас (ағылшын тіліне қатысты B1-деңгейі)

ЖАС ЕРЕКШЕЛІГІ: (қазақ тілі)
I. 9 -12 жас
II. 13-15 жас
III. 16-17 жас

Өтініштер мен қатысушылардың жеке басын растайтын құжаттың көшірмесі (туу туралы кәулік немесе жеке бас куәлік) 10.03.2024ж. дейін farabi-lingvo@mail.ru. электронды түрде электрондық мекен-жайға қабылданады.

«FARABILAND»
республикалық шығармашылық байқауының
өтініштер үлгілері

Лингвистика» номинациясы бойынша өтініш үлгісі

Номинация атауы	***Лингвистика. Қазақ тілі***
Оқу орнының атауы	*Оқушылар сарайы*
Қаласы	*Астана қ.*
Жас ерекшелігі	*9-12*
Қатысушының құжаттағы толық аты-жөні, жасы	*Тілеген Мөлдір Жандосқызы* *10 ж*
READx «Мен оқыған бір кітап» Оқыған кітабының авторы, аты	*Б.Момышұлы «Ұшқан ұя»*
«Абайды оқы, ерінбе!» мәнерлеп оқу	*Абай «Қыс»*
Жетекшінің А.Ж.Т. (диплом үшін)	*Асанова Айгүл Аббасқызы*
Email	Aigul**@mail.ru**
Телефон моб. Whats app	8 702 *** ***

«Вокал», «Аспаптық өнер», «Хореография» номинациялары бойынша өтініш үлгісі

Номинация атауы	***Хореография. Эстрадалық би.***
Оқу орнының атауы, тобы	*Оқушылар сарайы , «Тұмар» ансамблі*
Қаласы	*Астана қ.*
Номинациядағы қатысушылар саны	*16 қатысушы*
Жас ерекшелігі	*12 -14*
Қатысушылардың тізімі, жасы құжаттағы толық аты-жөні	1. *Омарова Асем 12 жас* 2. *Кусаинова Айарау 13 жас....*
Байқау бағдарламасы	*«Қара жорға» биі*
Хронометраж	*3 мин.*
Жетекшінің А.Ж.Т. (диплом үшін)	*Мухамеджанова Айгуль Маратовна*
Email	Aigul**@mail.ru**
Телефон моб. Whats app	8 702 *** ***
Байқауға келушілердің жалпы саны (қатысушылар мен жетекшілер)	*Қатысушылар саны-16* *Жетекшілер саны-4*

Номинациялар бойынша өтініштерді қабылдауға жауапты:

- *«Хореография» - Шукирова А.У. 8 775 300 19 71*
- *«Аспаптық өнер» - Жиенбек Ә.Ж. 8 775 000 57 71*
- *«Вокал» - Дюсебаева Ж.Н 8 775 146 05 90*
- *«Спорт» - Болатова Ш.Б. 80775 580 41 03*
- *«Лингвистика» - Муханова С.Е. 8 705 385 02 06*

Байқауға қатысты жалпы сұрақтар бойынша, әл-Фараби атындағы Оқушылар сарайына хабарласыңыз, оқу- әдістеме бөлімі. Тел: 70-12-76 (Астана қ. 87172) Мекен-жайы: Б.Момышұлы, 5.